

**"Қазақстан Республикасы Ақпарат және коммуникациялар министрлігі
Телекоммуникациялар комитетінің аумақтық органдарының ережелерін бекіту
туралы" Қазақстан Республикасы Ақпарат және коммуникациялар министрінің
2017 жылғы 15 желтоқсандағы № 453 бұйрығына өзгерістер енгізу туралы**

Күшін жойған

Қазақстан Республикасы Ақпарат және коммуникациялар министрінің м.а. 2018 жылғы 11 қыркүйектегі № 396 бұйрығы. Күші жойылды - Қазақстан Республикасы Ақпарат және коммуникациялар министрінің 2018 жылғы 15 қазандағы № 440 бұйрығымен

Ескерту. Бұйрықтың күші жойылды - ҚР Ақпарат және коммуникациялар министрінің 15.10.2018 № 440 бұйрығымен.

"Қазақстан Республикасы Ақпарат және коммуникациялар министрлігінің кейбір мәселелері туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2018 жылғы 3 қыркүйектегі № 549 қаулысының 2-тармағын іске асыру мақсатында **БҰЙЫРАМЫН:**

1. "Қазақстан Республикасы Ақпарат және коммуникациялар министрлігі Телекоммуникациялар комитетінің аумақтық органдарының ережелерін бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Ақпарат және коммуникациялар министрінің 2017 жылғы 15 желтоқсандағы № 453 бұйрығына мынадай өзгерістер енгізілсін:

1-тармақтың 2) тармақшасы мынадай редакцияда жазылсын:

"2) осы бұйрыққа 2-қосымшаға сәйкес "Қазақстан Республикасы Ақпарат және коммуникациялар министрлігі Телекоммуникациялар комитетінің Алматы қаласы және Алматы облысы бойынша өңіраралық байланыс инспекциясы" республикалық мемлекеттік мекемесі туралы ереже";

көрсетілген бұйрыққа 2-қосымшада:

тақырыбы мынадай редакцияда жазылсын:

"Қазақстан Республикасы Ақпарат және коммуникациялар министрлігі Телекоммуникациялар комитетінің Алматы қаласы және Алматы облысы бойынша өңіраралық байланыс инспекциясы" республикалық мемлекеттік мекемесі туралы ереже";

1-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"1. "Қазақстан Республикасы Ақпарат және коммуникациялар министрлігі Телекоммуникациялар комитетінің Алматы қаласы және Алматы облысы бойынша өңіраралық байланыс инспекциясы" республикалық мемлекеттік мекемесі (бұдан әрі – Инспекция) байланыс және ақпараттандыру саласындағы

іске асыру және бақылау функцияларын жүзеге асыратын Қазақстан Республикасы Ақпарат және коммуникациялар министрлігі Телекоммуникациялар комитетінің (бұдан әрі – Комитет) аумақтық органы болып табылады."

9-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"9. Инспекцияның толық атауы – "Қазақстан Республикасы Ақпарат және коммуникациялар министрлігі Телекоммуникациялар комитетінің Алматы қаласы және Алматы облысы бойынша өңіраралық байланыс инспекциясы" республикалық мемлекеттік мекемесі."

2. Қазақстан Республикасы Ақпарат және коммуникациялар министрлігінің Телекоммуникациялар комитеті:

1) осы бұйрық қабылданған күннен бастап күнтізбелік бес күн ішінде әділет органдарында қайта тіркеуді;

2) осы бұйрық бекітілген күннен бастап күнтізбелік он күн ішінде оны " Республикалық құқықтық ақпарат орталығы" шаруашылық жүргізу құқығындағы республикалық мемлекеттік кәсіпорнына ресми жариялауға және Қазақстан Республикасы нормативтік құқықтық актілерінің эталондық бақылау банкіне енгізуге жіберуді;

3) осы бұйрықты Қазақстан Республикасы Ақпарат және коммуникациялар министрлігінің интернет-ресурсына орналастыруды;

4) Қазақстан Республикасы Ақпарат және коммуникациялар министрлігінің Заң департаментіне осы тармақтың 1), 2) және 3) тармақшаларында көзделген іс-шаралардың орындалуы туралы мәліметтерді ұсынуды қамтамасыз етсін.

3. Осы бұйрықтың орындалуын бақылау жетекшілік ететін Қазақстан Республикасының Ақпарат және коммуникациялар вице-министріне жүктелсін.

4. Осы бұйрық қол қойылған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі.

*Қазақстан Республикасы Ақпарат және
коммуникациялар министрінің
міндетін атқарушы*

Н. Мауберлинова